

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ
2-4 сынып оқушыларының негізгі пән дәптерлерін тексеру бойынша
АНЫҚТАМА**

24-25.09.2025ж

Дәптер тексеруді бақылаудың мақсаты:

1. Оқушылардың оқу жетістігін бақылау
– Оқушының жазу сауаттылығын, тапсырманы орындау деңгейін, пәндік білім мен дағдының қалыптасуын анықтау.
2. Мұғалім жұмысының сапасын бағалау
– Мұғалімнің тапсырма беруі, түсіндіруі, түзету жұмысы, кері байланыс ұйымдастыру сапасын көру.
3. Жұмыс жүйелілігін тексеру
– Дәптерді тексеру жиілігі, уақтылы түзету, оқушының жеке қателерімен жұмыс істелуі.
4. Оқушыға қойылатын талаптардың сақталуын бақылау
– Жазу мәдениеті, тазалық, көркемдік, орфографиялық, грамматикалық нормаларды сақтау.
5. Білім сапасын арттыруға бағытталған шаралар қабылдау.

Бақылау объектісі: 2-4 сыныптар бойынша негізгі пәндердің жұмыс дәптерлері

Бақылау түрі: жоспарлы бақылау

Қыркүйек айының соңғы аптасында мектепшілік бақылау жұмыс жоспарына сай 2-4 сыныптарда негізгі пәндер бойынша оқушылардың жұмыс дәптерлері тексерілді.

3А сыныбында оқушылардың қазақ тілі дәптерлері тексерілді.

Қазақ тілі пәнінен 21 оқушы, 21 дәптер тексеруге берілді. Пән мұғалімі Каппасова Меруерт Мырзагуловна.

Барлық оқушының дәптерлерінің тысы талапқа сай, өз қолдарымен, сауатты ұқыпты толтырылған.

Дәптерлер жүйелі, уақытылы тексеріледі, кері байланыс уақытылы жазылады.

Кей оқушылардың жазу үлгісіне көңіл бөлу қажет, мәселен: Лукманова Ж, Тажиева Ж, Кайрулинов Е.

3Ә сыныбында оқушылардың математикадан жұмыс дәптерлері тексерілді.

Сыныпта 17 оқушы бар, 17 дәптер тексеруге берілді. Пән мұғалімі Ерденева Гулбану Тиыштикбаевна.

Барлық оқушының дәптерлерінің тысы талапқа сай, өз қолдарымен, сауатты ұқыпты толтырылған.

Дәптерлер жүйелі, уақытылы тексеріледі, кері байланыс уақытылы жазылады.

Кей оқушылардың жазу үлгісіне көңіл бөлу қажет, мәселен: Бурумбаев А, Алтайбай А оқушыларда дәптерге жазу дағдысы қалыптаспаған.

3Б сыныбында оқушылардың қазақ тілі пәнінен жұмыс дәптері тексерілді.

Пән мұғалімі Халел Марзия.

Барлық оқушының дәптерлерінің тысы талапқа сай, өз қолдарымен, сауатты ұқыпты толтырылған. Қателер толық ескеріліп тексеріледі, кері байланыс ұтымды беріледі, дәптерлер уақытылы, сапалы тексеріледі. Келесі оқушылардың каллиграфиясына көңіл бөлу, қосымша

Сараптама жасаған : БСОІМ Н:Жәнімхан

жұмыстар жүргізу ұсынылды: Тельман А, Нұрланұлы.Қ, Солдатұлы Е, Арманбек С, Өзгеріс А, Сарқыт Р.

Сондай-ақ 4 сыныптарда орыс тілі пәнінің жұмыс дәптерлері тексерілді. 4 А сыныбында орыс тілінен беретін пән мұғалімі Байдашева Гульмира Муратовна.

Сыныптағы оқушы саны 19. Тексеруге берілген дәптерлер саны-19.

Бақылау нәтижесінде

Мұғалім дәптерлерді уақытылы тексеріп, оқушының қатесін түзетіп отырған.

Кері байланыс ұтымды берілген, оқушы жетістігін марапаттау сөздерімен белгілеген (мысалы, "Жарайсың!", "Керемет!" т.б

Мұғалім тарапынан қате түзету жұмыстары жүйелі жүргізілетіні байқалады.

Жазу мәдениеті мен тазалық талаптары негізінен сақталған.

Ұсыныс:

Дәптер тексеру жұмыстары негізінен қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген.

Дегенмен, кейбір мұғалімдерге:

- Тексеруді жүйелі жүргізу,
- Қатені түзетіп, оқушыға түсініктеме беру,
- Кері байланыс беру сапасын арттыру,
- Дәптерді күтіп ұстау мәдениетін қадағалау бойынша әдістемелік ұсыныс берілді.